

Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 2 хаттамасы

Қатысуға тиіс:9

Қатысқаны:8

Күн тәртібінде :

1. 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 4-4/251 хатына сәйкес, 7-13 жас аралығындағы ата-анасының қамқорлығынсыз балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды әкім шыршасына ұсыну.

Тыңдалды: Алда үлкен дәстүрлі Жаңа жыл мерекесі келе жатыр соған орай мектебімізден мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, көп балалы оқушыларды анықтап сұранысы жіберіледі. Теміртау қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 4-4/251 хатына сәйкес, 7-13 жас аралығындағы ата-анасының қамқорлығынсыз балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды аудандық әкім шыршасына мектебімізден көп балалы отбасынан шыққан 2 сынып оқушыларынан Иманкулова Ақниет , Сапарова Кәусар, аз қамтылған отбасынан шыққан 3 сынып оқушысы Хамитова Жансая ұсынып отырмыз.

Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Жагсаал Мамыгул әлеуметтік педагогтың күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырып өтті. Оқушыларды аудандық шыршаға көп балалы, аз қамтылған деген отбасы балаларын жіберу керек екенін айтты. Аманғалиев Нұрәли көп балалы отбасы, ата-анасы жұмыссыз. Менің қарсылығым жоқ.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Самал Сериковна сөз алды айтып өткен оқушыларға мен қарсы емеспін. Осы №9 лицейде бұрыннан келе жатқан ата-анамын аталған оқушылардың отбасылық жағдайымен таныспын. Осындай аталған шараға мектептен көп балалы, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды ұсыну жақсы.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Килькаева Айнур сөз алды. Аудандық әкім шыршасына ұсынылып отырған оқушыларға қарсы емеспін. Көп балалы отбасыларға табыс көзі кірмейтін алдағы жылдарда осындай көмектер көбірек ұйымдастырылса, басқа да мейрамдарда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету жалғасын таба берсен деген ойдамын.

Шешім :

1. Теміртау қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 4-4/251 хатына сәйкес, 7-13 жас аралығындағы жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды әкім шыршасына ұсынылған оқушылар қанағаттандырылсын.

Кеңес төрайымы:
Мүшесі:

Жагсаал М
Самал Сериковна